

ӨЗАРА ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Бұл өзара ынтымақтастық туралы меморандум (бұдан әрі – «Меморандум») 2022 жылдың 22.09.2022 және арасында:

Директор Мәулен Садықбеков Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК (бұдан әрі – «Өзірет Сұлтан» музей-қорығы)

Бас директор, профессор Махмуд Эрол Кылыч Ислам Ұнтымақтастығы Ұйымына (ИЫҰ) тиесілі Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығы – IRCICA атынан (бұдан әрі – «Орталық»)

«Өзірет Сұлтан» музей-қорығы мен Орталық бұдан әрі («Тараптар») және бөлек («Тарап») деп аталады.

Тараптар осы Меморандумға қол қоюға өз құзыреттері мен өкілеттіктерін мәлімдеді. Осылайша, Тараптар төмендегі мәселелермен келісті:

1 бап

Бұл Меморандумның мақсаты – Тараптардың әрқайсысының функционалдық қызметі төңірегінде ортақ мүдделерді зерттеу бағыттары бойынша бірлескен және келісілген іс-шараларды жүзеге асыру, ғылыми, ақпараттық және талдау қызметі саласындағы бірлескен жобаларды іске асыру жөніндегі ынтымақтастық.

2 бап

Тараптар келесі бағыттар бойынша ғылыми ынтымақтастықты дамытуды қолдайды:

- әріптестік қатынастарды орнату және тараптардың ұзақ мерзімді, пәрменді және өзара тиімді ынтымақтастығын дамыту;
- «Өзірет Сұлтан» музей-қорығы ғалымдары мен Орталық жүргізетін ғылыми жобаларды өзара қолдау;
- Тараптар арасында ғылыми ақпараттармен алмасу;
- ғылыми байланыстарды кеңейту;
- басқа да өзара келісілген бірлескен ғылыми қызмет.

3 бап

Осы Меморандумның негізінде өзара ынтымақтастықтың келесі нысандары қарастырылған:

- бірлескен ғылыми іс-шараларды өткізу: конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, сараптамалық кездесулер және басқа да іс-шаралар;
- жарияланымдар және басқа да ғылыми ақпараттармен алмасу;
- Тараптардың құзыреті шеңберіндегі ынтымақтастықтың өзге де нысандары.

4 бап

Бұл Тараптар арасындағы ынтымақтастық туралы жалпы меморандум. Тараптардың әрбір академиялық іс-шаралар мен қызметтерге қосатын қаржылық және ғылыми үлесі өзара келісім нәтижесінде дайындалған хаттамаларда көрсетілген шарттарға сәйкес болады.

5 бап

Осы Меморандум ережелерін қолдануда келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды кездесулер мен келіссөздер ұйымдастыру арқылы тату шешеді.

6 бап

Осы Меморандум баптарына Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке құжаттар ретінде тіркеледі.

7 бап

Осы Меморандум Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

8 бап

Меморандум мерзімсіз жасалады және Тараптардың бірі Меморандумның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жібергенге дейін қолданылады. Тараптардың бірі тиісті жазбаша хабарлама жіберген жағдайда, Меморандумның қолданылуы күнтізбелік 30 (отыз) күннен кейін тоқтатылған болып есептеледі.

Бұның дәлелі ретінде осы Меморандум Ыстанбұл қаласында екі данада дайындалған.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚҚ

Директор



М.Ж. Садықбеков

Ислам тарихы, өнері және мәдениетін зерттеу орталығы (IRCICA)

Бас директор

Проф. Махмуд Ерол

